КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 желтоқсан №1912-24-00-2/2641 Қонаев қаласы Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов, сот отырысың хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«UNIFORMA group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Калымбекулы А.
талап қоюшының өкілі Раимбеков Д.
жауапкердің өкілі Сафина Э.
аудармашы Батырбаев Ш.Д.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 05 маусымда «Түркістан облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекемеб тапсырыс беруші) мен «UNIFORMA group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «UNIFORMA group» ЖК, өнім беруші) тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №344 шартқа (бұдан әрі- Шарт) қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды, яғни ерлерге арналған 495 дана

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кастюм жеткізіп беруге міндеттелген. Шарттың жалпы соммасы 13 625 488,80 теңгені құрайды.

Өнім беруші тауарды Шарт қазынашылық органында тіркелген сәттен 90 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге жеткізіп беруге міндетті.

Алайда, Өнім беруші өзіне алған міндеттемені орындамаған, тауар Тапсырыс берушіге жеткізілмеген.

Мекеме жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, шарт бойынша өзіне алған мендеттемені тиісті түрде орындамағаны үшін «UNIFORMA group» ЖК-ді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікір бермеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі қойылған талапты толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында тауарды жеткізе алмағандарын растап, тұрақсыздық айыбын төлеуге дайын екендігін айтты.

Прокурор талап қою толығымен қанағаттандыруға жатады деген қорытынды жасады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.12.2024

Заңды күшіне енгізу күні: 23.01.2025, Сулы Кожахметов Б. А. 30.01.2025

1912-24-3-1/2632

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті

Іс құжаттарын талқылау мен оларды сот отырысында зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ЖК «UNIFORMA group» жоғарыда аталған Шартқа қол қойып, Тапсырыс берушіге тауарды, яғни ерлерге арналған 495 дана кастюмді 2024 жылғы 07 қыркүйекке дейін жеткізіп беруге міндеттелген.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Алайда жауапкер жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені орындамады, тауар жеткізілмеді. 2024 жылғы 05 қыркүйекте Шарт бір жақты талап қоюшымен бұзылды.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің ҚР-ның мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Заңының 43 бабы 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025, Сулы Кожахметов Б. А., 30.01.2025

1912-24-3-1/2632

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Талап қоюшы жауапкерден Шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін 24 күнге 327011,7 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарт бойынша алған міндеттеме орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 327 012 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 11 656 тенге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Түркістан облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «UNIFORMA group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толықтай қанағаттандырылсын.

«UNIFORMA group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«UNIFORMA group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 327 012 (үш жүз жиырма жеті мың он екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 11656 (он бір мың алты жүз елу алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025, Сулы Кожахметов Б. А. 30.01.2025

1912-24-3-1/2632

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2025 Судья Кожахметов Б. А. 30.01.2025

1912-24-3-1/2632

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.12.2024

Заңды күшіне енгізілді: 23.01.2025 Сулы Кожахметов Б. А. 30.01.2025

1912-24-3-1/2632

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 23.12.2024

Заңды күшінде ағылшын тілі 23.01.2025, Сулы Кожахметов Б. А., 30.01.2025

1912-24-3-1/2632